


## 2022 жылы машина жасау саласын дамыту

**2022 жылғы қаңтар-желтоқсан қорытындысы бойынша** машина жасау саласының өндіріс көлемі **35,1%** өсуді көрсетіп, **3 114,9** млрд теңгені құрады.

2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда саланың ФКИ **109,4%** құрады (1-сурет).



1-сурет. 2021 ж.ж. қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 2022 ж. қаңтар-желтоқсанда машина жасау саласы өндірісінің көлемі және ФКИ, млрд теңге және %

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Басым секторлар кесінінде 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда автомобиль жасау секторы **61,1%** өсумен едәуір өсуді көрсетті, жеңіл автомобиль өндіру 80,6 мың данадан 103,3 мың данаға дейін өсті; он немесе одан да көп адам тасымалдауға арналған автомобиль 1092 данадан 1 358 данаға дейін өсті және т. б.

Тау-кен машина жасау секторында тау-кен өндіру өнеркәсібіне арналған машиналар өндірісінің 21 данадан 32 данаға дейін; көтеру-тасымалдау, тиеу немесе түсіру жабдығы – 1041 данадан 1275 данаға дейін өсуі есебінен өндіріс көлемі **37,1%** өсті.

Ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы техникасы **24,8%**, «қозғалтқыш қуаты 37 кВт артық емес ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар» 114 данадан 148 данаға дейін,

«Ауыл шаруашылығында немесе бау-бақша шаруашылығында қолданылатын сұйықтықтар мен ұнтақтарды себуге немесе шашуға арналған

механикалық құрылғылар» 4 218 данадан 5 274 данаға дейін және т.б.;

Электр техникалық машина жасау секторы 21,8%, «қуаты 37,5 Вт артық емес электр қозғалтқыштар; тұрақты тоқты электр қозғалтқыштар, тұрақты ток генераторлары» өнімін өндіру 441 данадан 1054 данаға дейін өсті;

«электрондық және электр сымдары мен кабельдер» – 883 422.2 км. 1 025 564.3 км. дейін, «шамдар мен жарықтандыру құрылғылары» – 761,3 мың данадан 1 359,2 мың данаға дейін;

Мұнай-газ машина жасау секторы сұйықтықтарды айдауға арналған ортадан тепкіш сорғылар өндірісін ұлғайту есебінен 6,1%, басқа да сорғылар - 12,4 мың данадан 13,1 мың данаға дейін, сондай-ақ, редукциялық клапандар - 9 тоннадан 34 тоннаға дейін.

Теміржол машина жасау секторында көлемнің 1% қысқаруы байқалады,

теміржол локомотивтерін өндіру 86 данадан 75 данаға дейін және шарикті, роликті подшипник – 23 738 тоннадан 22 180 тоннаға дейін қысқарды.

*1-кесте. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ақшалай көріністе өндіріс көлемінің динамикасы, млрд теңге*

Сала	2021 ж. 12 ай	2022 ж. 12 ай
Автомобиль жасау	769,5	1 229,9
Электр техникалық машина жасау	252,6	307,6
Ауыл шаруашылық машина жасау	167,3	208,7
Теміржол машина жасау	286,1	283,3
Тау-кен машина жасау	26,1	35,8
Мұнай-газ машина жасау	68,5	72,6

*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

Басым секторлар кесінінде өндіріс көлемі бойынша машина жасау саласында көшбасшы позицияны автомобиль жасау саласы алады - 39,4%, негізгі кәсіпорындар: «Hyundai trans auto» ЖШС, «Камаз-инжиниринг» АҚ, «DAEWOO BUS KAZAKHSTAN» ЖШС, «СарыарқаАвтоПром» ЖШС;

Электр техникалық машина жасау – 9,8%, негізгі кәсіпорындар: Негізгі экспорттаушы кәсіпорындар: «Қайнар-АКБ» ЖШС, Alageum Electric, «Қазэнергокабель» ЖШС және т.б.;

Теміржол машина жасау – 9,1%.

Локомотив, жолаушылар және жүк вагондары өндірісі бойынша негізгі кәсіпорындар:


«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Проммашкомплект» ЖШС, «Format Mach Company» ЖШС және т.б.;

Ауыл шаруашылық машина жасау – 6,7%, Сектордың негізгі кәсіпорындары: «Агромашхолдинг KZ» АҚ, «Қазақстан Агро Инновациялық корпорациясы» /КАИК/ ЖШС, «Қостанай Трактор Зауыты» ЖШС, «МТЗ-

Қазақстан машина жасау зауыты» ЖШС, ЧК «Kazrost Engineering ltd», «ДАФА» фирмасы ЖШС және т.б.;

Мұнай-газ машина жасау – 2,3%, ішкі саланың негізгі кәсіпорындары – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «АтырауМұнайМаш» ЖШС, «Мұнаймаш» АҚ, «Каскор-Машзавод» АҚ, «Ақтөбе сорғы жабдығы зауыты» АҚ және т.б.;

Тау-кен машина жасау – 1,1%, Ішкі саланың негізгі кәсіпорындары – «Maker» ЖШС, «Машзавод» ЖШС, «Востокмашзвод» ЖШС және т.б.



2-сурет. Экономикалық қызмет түрлері бойынша ақшалай көріністе өндіріс көлемі, млн. теңге, %

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Ішкі нарық көлемі 2022 жылы 6 765 млн АҚШ долл. құрады.


Отандық өндірістің өсуіне қарамастан ОТӨ үлесі төмен деңгейде қалып отыр – 13%. Нарық қажеттілігінің негізгі көлемі импорт есебінен жабылады.

2-кесте. Нарықтың негізгі параметрлері, млн АҚШ долл.

	2021 қаңтар-желтоқсан	2022 қаңтар-желтоқсан
<b>Өндіріс</b>	5 410	6 765
<b>Импорт</b>	16 441	19 873
<b>Экспорт</b>	1956.4	3758.5
<b>Тұтыну</b>	19 895.00	22 879.10
<b>ОТӨ үлесі, %</b>	17%	13%

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР Қаржымині МКК

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда машина жасау саласының негізгі капиталына инвестициялар көлемі **62 397,8 млн теңгені құрады**, бұл, 2021 жылғы осы кезеңдегі деңгейден **5,8% төмен (3-сурет)**.



*3-сурет. 2021 ж. қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 2022 ж. қаңтар-желтоқсанда машина жасау саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі, млн теңге*

*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ*

Бірқатар машина жасау секторында төмендеу байқалады: компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндірісінде инвестициялар 5,8% (678,4 млн теңгеден 667,3 млн теңгеге дейін), автомобильдер мен жартылай прицептер өндірісінде 42,3% (17 650,6 млн теңгеден 10 184,3 млн теңгеге дейін), басқа да көлік құралдары өндірісінде 76,3% (12 497,3 млн теңгеден 2 967,7 млн теңгеге дейін) қысқарды.

Дегенмен, электр жабдығы өндірісі секторында негізгі капиталға инвестициялардың өсуін атап өтуге болады, оның көлемі 2021 жылғы осы кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда 79,3% өсіп, 19 852,6 млн теңгеге жетті (11 072,3 млн теңге), сондай-ақ, басқа топтарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісінде өсу байқалады, онда инвестиция көлемі 16 805,3 млн теңгені құрады, бұл, 2021 жылғы осы кезеңдегі көрсеткіштен 35,3% артық (12 423,1 млн теңге).